Арт-терапия предоставляет детям возможность выразить свои эмоции через творчество. Данная методика позволяет не только диагностировать, но и терапевтировать детей получивших травмы и подвергшихся насилию. В центре для работы с детьми есть сенсорная комната, в которой находится все необходимое для расслабления ребенка. В сенсорной комнате ребенок чувствует себя комфортно, полностью расслабляется, успокаивается, чувствует себя в полной безопасности, благодаря чему можно поговорить с ребенком откровенно, выявить тревоги и страхи.

2. Обучение сотрудников

2.1. Тренинги по управлению агрессией.

Обучение сотрудников центра техникам управления агрессией и урегулирования конфликтов является необходимым условием для создания безопасной среды. Тренинги могут включать в себя различные методы, начиная с дыхательных техник и заканчивая визуализацией, например: ролевые игры, моделирование ситуаций и использование позитивной дисциплины.

Воспитанники центра, как субъект воспитательной системы, обладают рядом особенностей личностного развития. Концепции и модели воспитательных систем, программы воспитания, разрабатываемые в учреждениях интернатного типа, должны учитывать специфику становления личности этих детей и быть ориентированы на решение их проблем.

Тренинги и анкетирование, направленные на профилактику «Буллинга и Кибербуллинга», на основании приказа Министра просвещения Республики Казахстан от 21 декабря 2022 года №506 «Об утверждении Правил профилактики травли (буллинга) ребенка».

Я убеждена, что зачастую причиной буллинга становятся взрослые люди, чаще всего педагоги. К сожалению, для большинства педагогов характерен ав-

торитарный стиль общения на уровне «взрослый – ребенок» и, как следствие, на уровне «ребенок – ребенок». Поэтому при создании гуманистической воспитательной системы особенно актуальной становится задача установления подлинно гуманистических отношений, обращение педагога к личности ребенка, к его внутреннему миру (гуманно-личностный подход). Тренинг «Профилактика синдрома профессионального выгорания» целью которого является профилактика психологического здоровья сотрудников, ознакомление сотрудников с приемами борьбы со стрессом и прокрастинацией, улучшению микроклимата в коллективе, созданию условий для благоприятной рабочей среды.

Также основной задачей является снижение уровня эмоционального выгорания сотрудников, планирование посредством «мозгового штурма» мероприятий по профилактике эмоционального выгорания, повышение уровня сплоченности коллектива, лекции и круглые столы.

2.2. Психологические аспекты взаимодействия

Сотрудникам нужно научиться понимать и распознавать критические эмоциональные состояния детей. Понимание психологии ребенка, его потребностей и особенностей поведения является важным для создания конструктивного и поддерживающего климата.

3. Создание безопасной и поддерживающей среды

3.1. Позитивное воспитание, виды деятельности:

Познавательная деятельность имеет особое значение для детей-сирот, имеющих серьезные проблемы в развитии познавательной сферы. Главную роль в полноценном развитии личности играет познание себя, своих психофизических способностей, особенностей характера, стиля и тактики собственной жизни, а также познание и принятие окружающего мира, внешнего образа мира; позитивное мироощущение. Деятельность по интересам: для детей, у значительной части которых в процессе социализации имеется препятствие в виде неудачи в учебе (а это становится серьезным препятствием на пути взаимодействия ребенка с другими). Деятельность по интересам предоставляет возможность самоутверждения, саморазвития в других областях, особое значение имеет для подросткового и предподросткового возраста. Путь к самоутверждению реализуется благодаря большому количеству кружков и секций по интересам от предметных до спортивных: дети занимались футболом, благодаря этому побывали в таких городах как Милан и Сочи. Занятия Джиу-джицу, подарил путешествие в ОАЭ, Дубай. Это несомненно, повышает самооценку и расширяет кругозор. Все дети занимаются декоративно-прикладным искусством, мотивация – научиться готовить подарки своим друзьям и близким своими руками и развивают художественный талант, посещают различные курсы. Спонсорами была оборудована кухня для уроков домоводства, где дети учатся готовить вместе и под руководством воспитателя и волонтеров.

Трудовая: труд для воспитанников Центра – важнейшее средство социализации. Поэтому жизнедеятельность в Центре должна быть организована таким образом, чтобы воспитанники овладели навыками в различных видах деятельности: от самообслуживания до предпринимательской деятельности. Особое

место в овладении трудовыми навыками в Центре должна занять профессиональная ориентация и профессиональная подготовка воспитанников – подростков, покидающих Центр, овладение ими одной или несколькими профессиями. Это поможет им быстрее адаптироваться к жизни за пределами учреждения, повысит чувство уверенности в себе.

Приобретенные навыки помогают воспитывать эстетический вкус.

Игровая: важнейшее средство развития воспитанников. Особое значение имеет для дошкольников и младших школьников, так как жизнь этих детей была лишена игры и нормального развития. Дети-сироты принадлежат к той категории детей, которые в детстве «не доиграли» и/или не умеют играть. Научить их различным видам игровой деятельности – задача психологов и педагогов центра. На воспитательных часах очень часто используются ролевые игры, проводятся различные психологические тренинги, в игровой форме, направленные на самопознание, самодисциплину и самоконтроль, развитие стрессоустойчивости и лучшей адаптации в социуме. При выезде на природу проводим мероприятия с элементами «тимбилдинга», направленные на сплочение в коллективе и вне коллектива.

В Центре для детей проводятся групповые тренинги и индивидуальные консультации, направленные на выражение чувств и переживаний, а также дающие навыки эмоциональной самоконтроля. Основой профилактики насилия является создание позитивной среды. Это может быть достигнуто через регулярные индивидуальные беседы, участие детей в принятии решений и честное обсуждение правил поведения.

4. Вовлечение сообщества (проект «Наставничество»)

Задача воспитателей и психологов по отношению к детям-сиротам и детям, лишённым родительского попечительства, состоит в умении создать у этих детей правильную позицию по отношению к людям, в умении исключить позицию потребительства, негативизма, отчуждения не только к тем взрослым и сверстникам, с которыми вынужден общаться, но и к людям вообще.

Подростку-сироте нужен друг, способный понять его, тот человек, который поможет правильно ориентироваться в жизни. Одной из возможностей реализации данной потребности является проект «Наставничество», в котором каждому ребенку подбирают и обучают наставника, который в последствии может стать значимым взрослым.

4.1. Работа с семьями

Для эффективной профилактики насилия также важно вовлечение семей. Психологическое консультирование для потенциальных родителей и опекунов может помочь создать поддерживающую атмосферу, уменьшающую вероятность насилия.

На базе Центра имеется «Школа приемных родителей», целью задачей которой является обучение и сертификация потенциальных приемных родителей.

Миссия ШПР это осознанные родители, понимающие что одной любви недостаточно, важно иметь желание приобретать дополнительные навыки и компетенции, для преодоления конфликтных ситуаций и понимания причин и след-

ствия тех или иных поступков приемного ребенка, детей. Это важно по причине того, что ребенок уже имеет опыт предательства или травму связанную с разными видами дериваций, и возврат его снова в стены учреждения только усугубят и без того травмированную неокрепшую детскую психику.

4.2. Партнерство с местными организациями

При формировании гуманистической воспитательной системы перед педагогами центра ставятся следующие задачи: сделать систему более открытой, расширить «среду обитания» воспитанников, интегрировать систему во внешнюю среду, установить постоянные и глубокие контакты с социумом.

Важной составляющей является социализация. В рамках воспитательного плана проводятся выезды в дом престарелых с праздничным концертом, посещение диаспорами разных народов праздничных мероприятий в Центре, выезды в театры и кинотеатры, на экскурсии, а также дети посещают общеобразовательную школу, занимаются в кружках и секциях по интересам. В рамках профориентации и социализации посещают колледжи и вузы, курсы по подготовке и репетиторство студентами НИШ и других вузов.

Сотрудничество с местными сообществами, организациями и инициативами, направленными на защиту детей, может сформировать систему поддержки и дополнительной помощи для детей и персонала Центра.

Заключение

Профилактика насилия требует комплексного подхода, включающего психологическую поддержку, как для детей, так и для сотрудников, создание положительной и безопасной среды, а также активное вовлечение семей и общества. Современные психологические подходы, основанные на понимании потребностей детей и создании атмосферы поддержки, могут эффективно способствовать снижению случаев насилия и улучшению общего качества жизни детей в таких учреждениях. Учитывая всё вышеизложенное, хочется отметить, что педагогам, работающим с детьми в условиях Центра, следует учитывать не только главные возрастные и личностные особенности, условия социальной среды воспитанников, но и основные психологические новообразования детей в определенном возрасте.

Однако при этом необходимо помнить, что, как бы ни были разнообразны и благоприятны условия, все же основным источником психического развития ребенка и носителем человеческих отношений, ценностей и способностей является наличие значимого взрослого человека.

Список литературы:

1. (30201), О. «., г., И. «Ведомости Парламента Республики Казахстан» № 8 (2895), 2. г.
2. https://mail.kz/ru/news/kz-news/v-kazahstane-nachinaet-deistvovat-zakon-o-semeino-bytovom-nasilii-chto-nuzhno-znat_boulbi_dzh._-_sozдание_i_razrushenie_emocionalnyh_svyazey_psihologicheskie_tehnologii_-_2006.pdf

Білімнің адам өміріндегі орны

**М. МАКАШЕВА,
М. МУСИР**

Адамзат өзінің даму тарихы барысында қоршаған әлемді танып-білудің және игерудің бірнеше тәсілдерін меңгерді. Сол тәсілдердің бірі – ғылым. Білім – қоғамның рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі. Адамзат дамуының белгілі бір кезеңінде ғылым дами келе, қоғамдық сананың дербес формасына айналды. Қазіргі таңда ғылым мен білім адамзаттың ілгерілеуінің басты қозғаушы күшіне айналып отыр. Себебі, қоғамдағы сан-салалы мәселелер көп жағдайда ғылыми жетістіктер арқылы шешіледі. Адам өміріндегі білімнің орны мен рөлін түсіну үдерісі әлі де жалғасуда. Бұл процесс қиыншылықтар мен қайшылықтардың, жаңа сұрақтардың пайда болуымен ерекшеленеді. XX ғасырдың 20-жылдары ғана білімнің мәнін, ерекшеліктерін, даму және қолдану механизмдерін зерттейтін жаңа пән – ғылымтану (наукаведение) пайда болды. Ғылымтанушылар ең алдымен «scientia» латын сөзінің этимологиясына назар аударды. Оның мағынасы «білім» дегенді білдіреді. Алайда кез келген білім ғылым болып саналмайды. Ғылым – тәжірибеде дәлелденген фактілер мен логикалық заңдарға сүйенген қорытындылар жүйесі. Жоғары білім – толық орта білім негізінде жоғары оқу орындарында берілетін, тиісті дипломмен расталатын кәсіби даярлық деңгейі. Ежелгі Шығыс (Қытай, Мысыр, Вавилон) елдерінде б.з.б. түрлі сатылы мектептер пайда болды. Ежелгі Грекия философтары, мысалы, Платон мен Аристотель, білім беру жүйесінің теориялық негіздерін қалады. Платон жастарға үш сатылы білім беру идеясын ұсынды, ал Аристотель білім тәжірибеге негізделуі тиіс деп санады. Ғылым мен техниканың дамуына қарай білім беру мазмұны да күрделене түсті. Орта ғасырларда Еуропада университеттер пайда болды. Ал Қайта өрлеу дәуірінде (XIV-XVI ғғ.) білім беру шіркеу ықпалынан біршама арылып, ғылыми жаңалықтарға негізделді. Мәселен, Леонардо да Винчи, Николай Коперник, Галилео Галилей еңбектері ғылымның дербес салаларға жіктелуіне ықпал етті.

Ежелгі шығыстағы білім беру жүйесінде жоғары білім көбіне жеке ұстаз бен шәкірт арасындағы қатынас арқылы жүзеге асқан. Конфуций мен Будда ілімдеріне негізделген білім беру сатыларында арнайы мектептерде оқып, білім деңгейін дәлелдегендер ғана жоғары білім иелері атанған. Ислам өркениетінде де жоғары білім ерекше дамыды. Медреселерде араб тілі, логика, философия, математика, астрономия, медицина сияқты ғылымдар оқытылды. Әбу Наср әл Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Ұлықбек сынды ғалымдар осы медреселерде білім алып, әлемдік ғылымға үлкен үлес қосты. Қазақстанда да жоғары білімнің алғашқы белгілері осы дәуірлерден басталады. XIX ғасырдан бастап қазақ жастары Санкт-Петербург, Қазан, Мәскеу университеттерінде оқи бастады. 1928 жылы Қазақстанда алғашқы жоғары оқу орны – Алматы педагогикалық институты ашылды.

калық институты (қазіргі Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) ашылды. 2025 жылы Қазақстанда 120-дан астам жоғары оқу орындары жұмыс істейді. Олардың ішінде ұлттық университеттер, техникалық жоғары оқу орындары, педагогикалық, медициналық университеттер бар. «С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті», «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті», «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті», «Назарбаев Университеті» сияқты оқу орындары халықаралық деңгейде мойындалған.

Әлемдегі жоғары білімнің даму тенденциялары

1960 жылдан бастап ЮНЕСКО білім беру саласындағы кемсітушілікті жою туралы конвенция қабылдады. 2023 жылы білім беру саласындағы жаңа стратегиялар бекітіліп, цифрландыру мен инклюзивті білім беру үрдістеріне басымдық берілді. Қазақстанда жоғары білім беру жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкестендіріліп келеді. Болон процесінің толық мүшесі ретінде Қазақстан жоғары білімнің үш сатылы моделін енгізді: бакалавриат – магистратура – PhD докторантура.

Бүгінгі таңда Қазақстанда:

- 4 жылдық бакалавриат;
- 2 жылдық магистратура;
- 3 жылдық PhD бағдарламалары жұмыс істейді.

Статистика бойынша:

- 2024 жылы Қазақстанда 600 мыңнан астам студент оқиды;
- Орташа есеппен мектеп түлектерінің 70%-ы жоғары оқу орындарына түседі;
- 2025 жылы ЖОО-дағы студенттер саны 700 мыңға жуықтауы күтіледі.

Әлем бойынша:

- Солтүстік Америкада жастардың жоғары білімге қол жеткізу көрсеткіші 87%-ды құрайды;
- Еуропада – шамамен 75%;
- Азия елдерінде де көрсеткіш жыл сайын өсіп келеді.

Қазақстандағы жоғары білім реформалары Қазақстанда жоғары білім беру жүйесін дамыту мақсатында бірнеше мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылды:

- «Болашақ» халықаралық стипендиясы арқылы жыл сайын 3 мыңға жуық қазақстандық шетелдің ең үздік университеттерінде білім алады;
- 2011-2020 жылдарға арналған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы толық орындалды;
- 2020 жылы қабылданған «Білімді ұлт» тұжырымдамасы аясында білім сапасын арттыру, академиялық еркіндік және цифрлық технологияларды кеңінен енгізу мақсат етілді.

2024 жылдан бастап:

- Қазақстандағы жоғары оқу орындарына академиялық еркіндік берілді;

- Жеке білім беру траекториялары ұсынылуда;
- Университеттер автономды коммерциялық емес ұйымдар түрінде жұмыс істей бастады;

- Студенттердің білім алу жолын жеке жоспарлауға мүмкіндіктер кеңейді.

Қазақстандық жоғары білім әлемдік стандарттарға сәйкестендіріліп келеді және халықаралық аккредитацияланған ЖОО саны жыл сайын артуда.

Жаһандану және жоғары білімнің интернационализациясы

Жаһандану үдерісі білім беру жүйесінде де ерекше көрініс табуда.

Бүгінгі таңда әлемдік жоғары білім:

- Халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді;
- Академиялық мобильділікті арттыруды;
- Білім сапасын әлемдік деңгейге шығаруды мақсат етеді.

Қазақстандық студенттер мен оқытушылар академиялық мобильділік бағдарламалары арқылы жыл сайын шетелдің жетекші университеттерінде білім алып, тағылымдамадан өтуде.

Статистика:

- 2025 жылға қарай шетелде білім алып жүрген қазақстандық студенттер саны 30 мыңнан асады деп күтілуде.

- 2024 жылдан Қазақстанда 40-тан астам ЖОО-да шетелдік университеттердің бірлескен қосдипломдық бағдарламалары жүзеге асуда.

Халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығы:

- Бірлескен ғылыми жобалар жасау;
- Студенттер мен профессорлардың алмасуын дамыту;
- Жоғары білім беру сапасын жаһандық деңгейге көтеру.

Қазақстан жоғары білімді интернационализациялауда белсенді қадамдар жасауда, соның ішінде Назарбаев Университеті халықаралық стандарттар бойынша білім беруде көшбасшыға айналды.

Білім беру және азаматтық сана

Білім беру адамның азаматтық ұстанымының дамуына ерекше үлес қосады.

Білім алған адам:

- Өзін өз қоғамының толыққанды азаматы ретінде сезінеді;
- Тарих пен мәдениетті терең түсінеді;
- Әлемдік өркениеттегі әртүрлі мәдениеттерге төзімділікпен қарайды.

2024 жылы жүргізілген зерттеулер бойынша:

- Жоғары білім алған азаматтардың елдің қоғамдық өміріне белсенді араласу деңгейі орта білім алған азаматтармен салыстырғанда 2 есе жоғары;

- Білімді адамдар құқықтық сауаттылық, экологиялық жауапкершілік сияқты салаларда анағұрлым белсенділік танытады.

Білім беру барысында:

- Жастардың азаматтық жауапкершілігі қалыптасады;
- Әлемдік мәдениетті қабылдау және басқа мәдениеттерге құрметпен қарау қабілеті дамиды;

- Өмірге деген оң көзқарас қалыптасады.

Білім беру арқылы адамдар өз өмірін жақсарту мүмкіндігіне ие болады және жаһандану жағдайында табысты бейімделеді.

Қорытынды

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы.

Білім – ұрпақтан ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде және көркем шығармашылық арқылы жетіп отырған әлеуметтік тәжірибе.

Қазіргі таңда:

- Білім тек өмірлік қажеттілік емес, адамның табысты болуын қамтамасыз ететін басты факторға айналды;

- Әлемдік жаһандану үдерісінде білім деңгейі елдердің дамуын анықтайтын басты көрсеткіш болып отыр;

- Қазақстанның да білім беру саясаты әлемдік талаптарға сәйкес жаңарып, жастардың интеллектуалды әлеуетін арттыруға бағытталуда.

Кітап оқу мәдениеті, ғылымға деген қызығушылық – кез келген ұлттың рухани деңгейінің көрсеткіші. Қазіргі замандағы мәселе – жастар арасында кітапқа деген қызығушылықты арттыру. Бұл үшін:

- «Балабақша – Мектеп – Кітапхана – Мұғалім – Ата-ана» байланысын нығайту;

- Балаларға кітаптың құндылығын ерте жастан түсіндіру;

- Оқу мәдениетін дамыту бойынша мектептер мен университеттерде арнайы бағдарламалар енгізу қажет.

Жаңа бастамалар мен ұсыныстар:

- Әлемдік білім беру трендтері негізінде ұлттық білім беру стандарттарын жетілдіру;

- Әлеуметтік әділеттілік пен білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- Студенттердің креативтілігін, инновациялық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын көбейту;

- Ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту арқылы жоғары білімнің сапасын арттыру.

Білім – адамның өзін табуының, қоғамның ілгерілеуінің, мемлекеттің тұрақты дамуының басты алғышарты. Білім арқылы жеке тұлға ғана емес, тұтас ұлттың болашағы айқындалады.

Ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі туралы

Н. БӨПЕЖАНОВА

Қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесін ерекше дамытушы да, ілгері апарушы да – балалар, яғни бүгінгі ұрпақ – ертеңгі елдің болашағы. Мен баяндамамның алғы сөзін шығыс ғұламасы әл-Фарабидің сөзінен бастағым келеді: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - делінген. Осыған байланысты мектебімізде баланы өмірге бейімдеуде мектеп, мұғалім және ата-ананың орны бөлек.

Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

Ата-ананың міндеті:

1. Балаңыздың сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы;
2. Сабақтан келген балаңыз күнделікті күнделігін тексеріп, көмек көрсету;
3. Мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысу;
4. Сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымымен байланыста болу;
5. Балаңыздың мектептегі жағдайын жасау барысында өз еркінізбең оқу-тәрбие іс-шараларына көмек көрсету;
6. Мектептегі ашық есік күні балаңыздың сабағына қатысу;

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс неғұрлым тиімді болуы үшін олармен байланыстың әрқилы түрлерін қолдану қажет. Кейбір сынып жетекшілері тоқсанның аяғында үлгерім қорытындылары туралы ата-аналар жиналыстарын өткізуімен және оқуға үлгермеуші немесе тәртіпсіз балалардың ата-аналарын барлық уақытта бірдей келісіп әрекет жасамауы мүмкін.

1. Оқушының жанұясына барып түру.

Ата-аналарын мектепке тек баласы тәртіп бұзғанда немесе жаман оқи бастағанда ғана шақырмау керек. Кейде оқушы өзін жаман ұстамайды, жақсы оқиды, бірақ сынып жетекшісі оның сыныптан тыс оқуын ұйымдастыру, оны қандай да бір қоғамдық пайдалы жұмысқа қатыстыру, оның белгілі бір саладағы дарынын дамытуға қажетті жағдайлар жасау туралы да ата-аналармен келісіп алуы керек.

Ата-аналар мектеп мұғалімдерімен кездесіп отыру пайдалы ғана емес, қажет те. Ол кездесулер мектеп пен жанұя арасында тығыз байланыс орнатуға, оқушылардың оқуы мен тәртібінде кемшіліктерді болдырмауы үшін дер кезінде шара қолдануға мүмкіндік береді.

2. Сыныптық ата-аналар жиналысы.

Бұл – сынып жетекшісінің жанұямен байланысының аса-маңызды бір түрі.

Сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының жайымен және міндеттерімен ата-аналарды таныстырып отыру үшін мұндай оқу жылының басында және әрбір тоқсанның аяғында өткізіледі.

Олардың мақсаты ата-аналарды нақтылы педагогикалық біліммен қаруландырып, жанұяда бала тәрбиелеудің алдыңғы қатарлы тәжірибесімен таныстырып отыру болып табылады. Біз, сынып жетекшілері ең бірінші өзіміздің же-

текшілік етіп отырған сыныбымыздың ата-аналарына арналған педагогикалық білімдерді насихаттау үшін әңгімелер мен лекциялар өткізуіміз керек.

Олардың мазмұны ата-аналардың талаптарына, оқу-тәрбие жұмыстарының нақтылы міндеттеріне байланысты болады.

Ендеше психологиялық-педагогикалық тұрғыдан берілетін төмендегі 14 кеңеске құлақ түріңіз:

1. Таңертең (не түсте) сабаққа барарында баланы жайлап қана оятыңыз. Сіздің биязы үнііз бен күлкіізден ұйқысын ашуы тиіс. Кешегі бір теріс қылықтарын айтып, басқа түкке тұрмайтын нәрсеге жүйкесін жұқартпаңыз. Тамағын ішпей жатып ұрыс-керіс ұйымдастырмаңыз;

2. Егер балаңыз сабақтан кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да болдың!» астына алып айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзііз кінәлісіз;

3. Баланы сабаққа (әсіресе таңертең) ашқұрсақ жібермеңіз;

4. «Бұзық болма!», «Қисалаңдамай тыныш жүр!», «Бүгін 2 алсаң құртамын!» деген ескертулерді жиі айта бермеңіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы баға алып келуіне тілектестік білдіріңіз;

5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін қандай баға алдың?» деп бас салып балаңызды сұрақтың астына алмаңыз. Мектептен келген балаңызды көңілді қарсы алыңыз, оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз.

Егер бала әлденеге ренжіп келсе, бірдеңені айтпақшы болса, «сені тындауға уақытым жоқ» демей, арнайы көңіл бөліп, мұқият тыңдаңыз;

6. Бала бірдеңеге ашуланып жүрсе, үндемеңіз. Сабасына түскен соң, ол болған жайды өзі-ақ айтады;

7. Бала бір қылығы үшін мұғалім сізді шақыртып алса, өзара әңгімеге баланы қатыстырмаңыз;

8. Мектептен келе сала баланы отырғызып қойып сабаққа дайындалтпаңыз. Олар да 2-3 сағат ойнап демалған жөн, түсте ұйықтап тынықсын. Бесін мезгілі-сабаққа өзірленудің сәтті кезі;

9. Бір мезгілде барлық сабаққа өзірленуді талап етпеңіз. Әр сабаққа өзірленген кезде үзіліс жасау дұрыс;

10. Сабаққа өзірленіп жатқан баланың желкесінен төніп тұрмаңыз. Дәрекі сөйлемеңіз. Одан да көмектесіп, бірлесіп дайындалыңыз;

11. «Егер, сен, осы сабақты орындамасаң!» деп басталатын тәртіпке шақыру баланың жүйкесіне әсер етеді. Одан да өзііз кірісіп, жайлап жетектеп отырыңыз;

12. Күнде жарты сағат ештеңеге алаңдамай балаларыңызбен емін-еркін, жақын тартып әңгімелесіп тұрыңыз;

13. Балаңыздың көңіл-күйі нашар болса, онда бірден назар аударыңыз. Ол сабақтан зорығуы мүмкін;

14. Егер бала айтқаныңызды тыңдамайтын болса, онда ұстазымен, психолог маманымен, дәрігермен кеңесіңіз;

Халық даналығында:

«Баланы 5-ке дейін патшаңдай көтер,

15-ке дейін құлыңдай жұмса,

15-тен кейін досыңдай сыйла», - деген керемет ұлағатты нақыл бар. Соны әрдайым басшылыққа алыңыз.

Бала бойындағы жағымсыз мінез-құлықтар үнемі есепке алынса;

Ата-ана мен мұғалім бірлікте болып, баланың жақсы, жағымды істерін ылғи марапаттау қажет.

Қоршаған ортадағы теріс әрекеттерден үнемі сақтандырып отырса, мұғалім мен ата-ана әрқашан сергектік, шыдамдылық танытып, жан жылуын беріп, шеберлік көрсете білсе, онда балаларымыз өзіміз болмай, қиындықтан қашпай, міндеті мен парызын орындайтын ұрпақ болары анық.

Ата-аналар кодексінде:

- Ата-ана ерекше жағдайда ғана емес, тәрбиемен ұдайы айналысуға міндетті;
- Баланы тәрбиелеу үшін ата-ана өзіміз тәрбиелі болуымыз керек. Тәрбие беру – ақыл айту емес;

- Баланы жақсы көретініңізді мейірімді, жылы сөзбен жеткізіп отырыңыз;

- Мектептегі жағдайды жақсарту мақсатында ұсыныстар айтуға құқыңыз бар;

- Қателігін түсіне білетін,

Дұрыс жүріп, күтіне білетін,

Үлкенді сыйлап, кішіні сүйетін,

Білімді жинап, дүниені шолатындай, - балаларыңыз, үлкен азамат болып өсің!

Сөз соңын ұлы ұстаз Макаренконың: «Баламен шындап сөйлесу үшін орын мен уақытты таңдай біліңіз. Кіре берістегі, жол-жөнекей айтылған сөз бала көңілінде керекті із қалдырмайды деген», - парасатты ойымен түйіндегенді жөн көрдім.

Ата-аналарға арналған этикалық кодекс:

1. Мектеп – білім ошағы екенін есте ұстаңыз;

2. Мұғалімнің қоғамдағы рөлін бағалаңыз, қолдау көрсетіңіз;

3. Бала тәрбиесі тек мұғалімнің ісі емес, ортақ іс екенін ұмытпаңыз;

4. Мектеп туралы, мектепте болған жағдай туралы анық-қанығына көз жеткізбей тұрып, бөгде орындарға таратпаңыз;

5. Мектеп – балаңыздың екінші үйі екенін түсінсеңіз, өзіңізді де сол үйдің мүшесімін деп есептеңіз;

6. Мектепшілік және сыныптағы ата-аналар жиналысынан қалыс алмаңыз;

7. Өз балаңыздың мектептен тыс уақыттағы өміріне аса үлкен жауапкершілікпен қараңыз;

8. Балаңыз сапалы білім алсын десеңіз, оған мектепке қажетті құрал-жабдықтарын уақытылы әперіңіз;

9. Балаңыздың денсаулығы мен жеке басының тазалығына және киіміне жауапты қараңыз;

10. Өз уақытымен балаңыздың оқу процесін, күнделігін, дәптерін қадағалап отырыңыз;

11. Егер мектепке сабақ уақытында келсеңіз, сынып жетекшісін немесе балаңызды арнайы күтіңіз.

ҰБТ-ға білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау

Т. ОРАЗОВА

Мақсаты:

1. 11-сынып оқушыларының ұлттық бірыңғай тестілеуге психологиялық дайындығын анықтау;
2. Оқушылардың өздігінен атқаратын білімдерін терең меңгеруге, біліктіліктерін қалыптастыруға психологиялық көмек көрсету;
3. Қобалжу, сенімсіздік, үрейден арылу және олардың алдын-алу.

Тренингтің барысы:

Психолог: Құрметті мектеп түлектері, сіздер Қазақстанның болашағысыздар, болашақ бүгіннен басталады! Сіздер кеше ғана бүлдіршін бала, балапан болсаңдар, міне бүгін дүбірлі додаға қатысуға дайын, бабына келген сәйгүліктей ауыздықпен алысып тұрсыңдар. Алдарыңда үлкен болашақ, ұлы мақсат, міндет күтіп тұр. Асар белестерің, шығар биіктерің көп болсын. Кім еңбектенсе, соның бағы жанады.

Тренинг кезеңдері.

«Менің жұбым» жаттығуы

Шарты: Қатысушылар алдымен шеңбер бойымен тұрып, қасындағы адаммен жұптасады. Кейін сол жұптарымен бірлесіп, жүргізушінің тапсырмаларын орындайды. Тапсырмалар:

Жұбыңыздың:

- Басын сипаңыз;
- Бетін шымшыңыз;
- Көзіңізді қысыңыз;
- Құшақтаңыз;
- Арқа түйістіріңіз;
- Тіземен амандасыңыз;
- Мұрнын қысыңыз;
- Қытықтаңыз;
- Құлағын тартыңыз;
- Комплимент айтыңыз.

«Әрдайым таңдау бар» атты бейнеролик

«ҰБТ-ға шолу» таныстырылым

Мақсаты: оқушылардың ҰБТ-ге психологиялық даярлануға деген қалауын және қажеттілігін қалыптастыру. ЖОО-ға түсу ұпайларымен таныстыру.

Кәсіби бағдар беру педагогы оқушыларға мамандық пен ЖОО таңдау жолдары мен жіберілетін қателіктер және ҰБТ-да таңдалатын пәндер комбинациясы, ең жоғарғы – ең төменгі түсу ұпайларымен таныстырып, кеңестер берді.

«ҰБТ уақытында өзіңді қалай ұстау керек?» психологиялық кеңес.

Мұқият бол! ҰБТ басталмас бұрын саған барлық ақпаратты береді (бланкты қалай толтыру керек, қандай әріптермен жазу қажет, мектеп кодын және

т.б.). Айтылған ережелерді мұқият есіңе сақта, себебі жауаптарыңның дұрыстығы оған тәуелді!

Емтихан уақытындағы ережені сақта! Орныңнан айқайлама, егер аудиторыдағы ҰБТ – ны ұйымдастырушыға сұрақ қойғың келсе қолыңды көтер. Сенің сұрақтарың, тапсырма мазмұнына байланысты болмау керек, саған тек тіркеу бланкісін толтыру жөнінде ғана жауап береді немесе тест пакетінде қате жазулар, не бланкте мәтін түспей қалған жағдайда ғана жауап береді.

Зейініңді шоғырландыр! Тіркеу бланкісін толтырғаннан, өзіңе түсініксіз нәрселерді анықтағаннан кейін жаныңдағы адамдарды ұмытып, тест тапсырмаларына зейініңді шоғырландыр. Сен үшін тек тест тапсырмалары, уақыт қана бар. Асықпай тездет!

Қорықпа! Уақыттың қатаң шектеулігі сенің жауаптарыңның сапасына әсер етпеу керек. Сұрақты екі рет оқып, сенен нені сұрап тұрғанына көзіңді жеткізіп барып жауапты белгіле.

Жеңілінен баста! Барлық сұрақты қарап шық және өзің жауабына сенімділерінен баста. Сонда ғана сен сабырланып, жұмыс ырғағына енесің.

Тастап кет! Қиын немесе түсініксіз тапсырмаларды тастап кетуге дағдылан. Есіңде сақта кез-келген тестте сен жауабын нақты білетін сұрақ болады. Егер сен қиын сұрақтарда ойланып тоқталып қалсаң, уақытты оздырып алсаң өкінішті болады.

Тапсырманы аяғына дейін оқы! Асығыстық тапсырманың бірінші сөзін оқып, аяғын ойдан құрастыруға алып келеді. Бұл ең жеңіл тапсырмалардан қателесудің бірегей тәсілі.

Тек ағымдағы тапсырма туралы ойла! Бір тапсырманы аяқтап, екіншісіне кіріскенде алдыңғысын ұмыт, себебі тест тапсырмалары бір-бірімен байланысты емес.

Екі шеңберді жоспарла! Уақыттың 3-тен 2 бөлігін сен үшін жеңіл тапсырмаларға арна (1 шеңбер), онда сен максимум ұпайлар жинайсың, екінші шеңберде қиын тастап кеткен тапсырмаларға ораласың.

Сызып таста! Сызу әдісі арқылы жұмыстан! Сұраққа мандаспайтын жауаптарды бірінен соң бірін сызып отыр.

Таба біл! Егерде жауабыңыздың дұрыстығына күмәндансаң, таңдауға қиналсаң, өзіңнің ішкі сезіміңе (интуицияңа) сен!

Тексер! Өз жұмысыңды тексеруге уақыт қалдыр, ең болмағанда көзбен жүгіріп, бақырайып тұрған қателерді дұрыстайсың.

Ренжіме! Бүкіл тапсырмаларды орындауға тырыс, бірақ практикада бұл мүмкін еместігін есіңнен шығарма. Өйткені тест тапсырмалары шатастыру, ойлану үшін күрделі құрастырылады, ал жақсы бағаға кем дегенде тапсырманың 70% -ын орындау қажет.

«Қорқынышыңды бейнеле» жаттығуы

Шарты: Қатысушыларға цалафан беріледі. Олар оны үріп, аузын буып байлап, сыртына өз қорқыныштарын жазады. Барлығы болғаннан кейін бірге барынша қатты етіп цалафантарын жарады. Кейін оқушылардың сезімдері сұралып, талданады.

«Менің көңіл-күйім» ойыны

Шарты: ортаға 3 қатысушы шығады. Оларға беттің сұлбасы мен бет мү-

шелері (мұрын, қас, көз, ауыз) беріледі. Олар жүргізушінің нұсқауынан кейін өз көңіл-күйлерінің сұлбасын құрастырулары керек.

«Қимылды қайтала» ойыны

Шарты: ортаға шеңбер бойымен түрлі қимылдар бейнеленген карточкілер қойылады. Қатысушылар сол карточкілердің бойымен орналасады. Музыка қосылған кезде шеңберді айналып билейді де тоқтаған кезде алдарында қандай карточкі тұрады сондағы қимылды қайталайды.

«Бас, тізе, қалам» жаттығуы

Шарты: қатысушылар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы екі қатарға тұрады. Араларына жерге әр жұптың ортасына қалам қойылады. Жүргізуші дене мүшелерін атап, командалар береді. Қатысушылар мұқият тыңдайды. Аталған дене мүшелерін ұстап, «қалам» деген кезде қарсы тұрған қатысушыдан бұрын ортадағы қаламды алулары керек.

«Зейінді бол» ойыны

Шарты: Ортаға екі қатысушы шығады. Олардың әрқайсысына шар мен алты стакан беріледі. Жүргізушінің нұсқауымен олар шарды жоғарыдан қағып тұрып, стакандардан пирамида құрастырулары қажет. Шарды жерге түсіруге болмайды. Жылдам орындаған адам жеңіске жетеді.

«Қолдау хат» ата-аналар хаты

Оқушыларға алдын ала ата-аналары жазған қолдау хаттары табысталады. Хатта ата-аналар балаларына деген махаббаттары мен қолдау сөздерін жазып өтеді.

«Мюнстенберг-караоке»

Нұсқау: Көптеген әріптердің арасында өлеңнің аты бар. Сіз тез оқи отырып, сол сөздердің астын сызуыңыз керек. Және сол өлеңді музыкаға салып айтып берулеріңіз қажет. Жұмыс уақыты – 3 минут.

ЫОШЫОШЩРОАРМАННННОВШГНГАДАСТЫРМАЙЙШКГМЕНИІЛВТОП
ҚҚОЯЯТДВЛАООРДОЛДЖЩӨӨЦҚӨҰӨПТТТҰРРШОЫТЧЛПОЗЦДЛОЛО
ЛӘИҢҰҚӨҚАРМАНЫМАПШОВОЛЩЗЦАСЫҒЫПЛЛОЛООПБАРАМҚҰӨӨҚАО
РПДЬДЖЖАРМАНГПРГРИАЙДРОТЖДЬОҰҰҰҚҒЫВПДЖЖПЖЭЖОХЧӨІҒӨ
ҢҚӨПАҚҚУЛОРДЛОДЖЖДЛЖДАРМАНДЛЖЭДБЖДЖЬЖДДЖДЫВПАРЛДПА
ОРАСЫЛАПОЕНЕНШАРМАНРЛДЖЭЯЧСМИТЬЮХКЙЦУ

Психолог сөзі: Оқушылар сіздерде қазір іштеріңізде бірінші сынақ ҰБТ-дан кейін түрлі ойлар мазалап жүргені, ата-аналарың сіздерден көп нәрсені күтіп, қысым көрсететіндей, сіздерді қатты жақсы көрмейтіндей көрінетін болар. Бірақ мына хаттар сіздердің ойларыңызды өзгертеді деп ойлаймын. Қандай сөз айтса да шын мәнісінде ата-аналарыңыз сіздерді өздерінен артық жақсы көреді, сіздерді әрдайым қолдайды, әрдайым сіздермен бірге, сіздерге тек жақсылық тілейді. Сіздер жалғыз емессіздер. Сіздерде ата-аналарыңыздың қолдауы бар. Бұл сіздерді алдағы дайындықтарыңызға жігерлендіреді деп ойлаймын.

Қорытынды сөз: міне, балалар кішкене болса да көңілдерің көтеріліп бір-бірімен жақсы танысып кімге қалай сөйлеу керектігін біліп алдыңдар. ҰБТ кезінде өздеріңді қалай ұстау керектігін біліп, қағидаларды сақтап бір-біріңе мейірімді, кішіпейіл бола біліңдер, биіктерден көрініңдер. Жұлдыздарың жанып тұрсын. Келешекте тәуелсіз еліміздің дамуына өзіндік үлес қосатын азамат болыңдар.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

БОЛТАЕВА Алия Масакбаевна – психол.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы. Алматы қаласы.

БӨПЕЖАНОВА Нысанкүл Әмірханқызы – № 214 орта мектебінің педагог-психологы. Ә. Тәжібаев ауылы, Шиелі ауданы, Қызылорда облысы.

ВАЛИЕВА Анар Бираловна – кандидат психологических наук, доцент, и.о. профессора, Евразийский Национальный Университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана.

ДЖУАСПАЕВА Асель Ермековна – воспитатель, педагог-исследователь в КГУ «Областной Центр поддержки детей нуждающихся в специальных социальных услугах», психолог, эксперт-психолог, консультант горячей линии по работе с агрессорами, специалист в области кризисной психологии, кризисной интервенции и экстренного вмешательства, психолог-консультант телефона доверия НТЛДДМ №150, ОЮЛ «Союза Кризисных центров», специалист в области психологического консультирования онлайн, специалист в области диагностики и анализа для экспертизы, г. Алматы.

КАБАКОВА Майра Победовна – профессор кафедры общей и прикладной психологии факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби, кандидат психол. наук, профессор, г. Алматы.

МАКАШЕВА Назгүл Оналбекова – С.Ж. Асфендияров атындағы университетінің «Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация» кафедрасының лекторы. Алматы қаласы.

МУСИР Мерей Дауренқызы – С.Ж. Асфендияров атындағы университетінің «Фармация» факультетінің ФӨТ22-023қ тобының студенті. Алматы қаласы.

МЫНБАЕВА Айгерим Казыевна – зав. кафедрой общей и прикладной психологии факультета философии и политологии КазНУ им.аль-Фараби, доктор пед. наук, профессор, г. Алматы.

ОРАЗОВА Таңшолпан Қайырбекқызы – Жаңақала мектеп-гимназиясының педагог-психологы. Жаңақала ауылы, Батыс Қазақстан облысы.

САДВАКАСОВА Зухра Маратовна – зам. зав. кафедрой общей и прикладной психологии по научно-инновационной деятельности и международному сотрудничеству факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби, кандидат педагогических наук, доцент, и.о. профессора, г. Алматы.

САНБАЕВА Балым – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Әлеуметтік педагогика» мамандығының 3-курс докторанты. Алматы қаласы.

СИСЕНОВА Майра Каримовна – педагог-психолог КГУ «Специализированная школа-лицей-интернат имени Ж. Досмухамбетова Управления образования Атырауской области» г. Атырау.

ЦЫГАНЕНКО Майя Викторовна – ОПС-1988, преподаватель кафедры общей и прикладной психологии (1993-1997) КазНУ им. аль-Фараби, практический психолог, бизнес-тренер, эксперт по лидерству, г. Алматы.



Индекс 75487
Мектептегі психология -
Психология в школе
 журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұр пресс», «Евразия Пресс», «Экспресс почта» және Post.kz сайты арқылы онлайн жазылған тиімді болады!

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

**Қиып
 алыңыз да,
 жазылыңыз!**

| | | | |
|---|----------------------------|-----------------------|--------------|
| | | Басылым индексі | |
| | | АБОНЕМЕНТ | |
| | | 75487 | |
| Мектептегі психология - Психология в школе | | | |
| | | Комплекті саны | |
| 2025 жылға, айлары | | | |
| | | | |
| қайда | | | |
| | | (почта индексі) | (мекен-жайы) |
| кімге | | (аты, жөні) | |
| | | | |
| | | Тасымалдау карточкасы | |
| | | 75487 | |
| | | Басылым индексі | |
| | ПВ | орны | |
| Бағасы | Жазылу мекен-жайын өзгерту | ...теңге | ...ТИЫН |
| | | ...теңге | ...ТИЫН |
| комплекті саны | | | |
| 2025 жылға, айлары | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 5 | 6 | 7 | 8 |
| 9 | 10 | 11 | 12 |
| қайда | | | |
| қайда | | | |
| | | (почта индексі) | (мекен-жайы) |
| кімге | | (аты, жөні) | |

